

**«ЖЫЛ ҮЗДІКТЕРІ - 2020»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫ**

**ПОРТФОЛИО  
ҚОСЫМША БӨЛІМ**

- **АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС**
- **СЫНЫП САҒАТЫ**

**Ақмола облысы,  
Степногорск қаласы, Ақсу кенті,  
«Ақсу кентінің № 2 орта мектебі» КММ  
ОМАРОВА САҒДАТ БАКЕНОВНА**

## 9 «Б» сыныбының ата-аналарымен

### өткізілген жиналыс

**Тақырыбы: “Ата-ана болуды үйрету”.**

**Отбасындағы қатынас. Әкелік және аналық махаббат, балаға оны қалай**

**көрсетуге, сездіруге және естіртуге болады.**

**Өткізілген жері:** *Ақмола облысы,*

*Степногорск қаласы, Ақсу кенті,*

*«Ақсу кентінің № 2 орта мектебі» КММ*

**Өткізген сынып жетекшісі:**

*Омарова Сагдат Бакеновна*

## Ата-анамен өткізген жиналыс жоспары

**Тақырып:** Отбасындағы қатынас. Әкелік және аналық махаббат, балаға оны қалай көрсетуге, естіруге және сездіруге болады.»

**Семинардың мақсаты:** Ата-аналарға отбасы тәрбиесінің негізі ретіндегі жалпыадамзаттық құндылықтарды ұғындыра отырып, баламен қарым-қатынастың оңтайлы жолдарын анықтауға педагогика-психологиялық көмек беру.

### Міндеттері:

**Білімдік:** Ата-аналарға отбасында балаға әрдайым құндылықтар жүйесіне тәрбие беру, ата-ана күзіреттілігі туралы түсінік беру.

**Дамытушылық:** Ата-ана сезімін қалыптастыру, отбасының басқа мүшелерінің, ең алдымен баланың сезімдерін түсінуді үйренуге, ана мен әкенің балаларды тәрбиелеуіне бағыт беру. .

**Тәрбиелік:** Құндылықтар жүйесіне сүйене отырып ата-аналарды өз баласымен қарым-қатынас жасауға, оның проблемаларының деңгейін дұрыс бағалауға және баламен қарым-қатынастың оңтайлы жолдарын анықтауға көмектесу.

**1. Ұйымдастыру кезеңі.** Ата-аналармен амандасу.

**Бейне көрсетілім:** «Как воспитать ребенка?»

интервью с Ш. Амонашвили

### 2. Тақырып туралы мәліметтер

1. Ата-ана қатынастары, ата-ана тәрбиесінің стилі және отбасы мәселелері. Ата-ананың күзіреттілігі.

2. Ата-аналардың тәрбие стилінің сипаттамасы. Ана махаббаты және әке махаббаты.

3. Тәрбие жүйесінің негізгі ұғымдары теңдік, ынтымақтастық, отбасылық құндылықтар жүйесін қалыптастыру.

**3. Жаттығу жұмыстары:** «Бала әлемі», «Менің балам қандай?»

### 4. Миға шабул:

"Баланы ұйықтағысы келмесе, оны қалай ұйықтатуға болады?";

"Балалардың қорқынышына қалай жауап беру керек (айырылу қорқынышы, бөтен адамдардан қорқу, қорқынышты түстер)?"; "Бала неге қасақы, барлығымен керіседі?";

"Бала барлық уақытта бәріне тиіседі, барлығымен төбелеседі. Не істеу керек?";

"Бала ата-аналардан нашар бағасың жасырады. Не істеуге болады";

"Бала ата-анадан үнемі ақша сұрайды. Оған беру керек пе әлде жоқ па?".

**5. Бейне көрсетілім.** Алдын ала оқушылармен бейне таспаға жазылған оқушының ата-анаға деген сүйіспеншілігі туралы «Ата-анама хат» тақырыбына оқушылардың үні.

### 6. Жиналыстың қорытынды сәті:

Бүгінгі жиналыстан алған барлық жақсы қасиеттерді жүректеріңізде сақтаңыздар. Сау болыңыздар! Рахмет!

**Ата-аналардың рухани-адамгершілік көзқарастағы өте маңызды жауаптары: Ата-аналар жиналысында берілген ақпараттарды өте жақсы қабылдады және тақырыптың өте қызықты екенін айтып, өз бойларына бірнеше жақсы қасиеттерді алғанымен бөлісті.**

Бүгінгі күні ғылым мен қоғамда ата-ана құзыреттілігінің қалыптаспауы маңызды мәселе екенін айта кетіп, балалармен бірге бос уақытты өткізу, отбасылық түскі ас, отбасылық жорықтар, жалпы ойындар, әңгіме, кітап оқу, хабарлар көру үшін ата-аналарда өз балаларына уақыт табу керектігі, яғни балалар мен ата-аналардың өзара қарым-қатынасында қоғамдық қалыптасқан нормаларды болу керектігі айтылды.

Ата-аналар, жағдайдың эмоциялық тәжірибесімен бөлісе алды, бала әлеміне ену ата-аналарға өз баласының өмірін жақсы тануға көмектесетіндерін айтты. Қыз балалар мен ұл балалардың тәрбиесіне көп көңіл бөліп слайдпен ашып көрсеттім. Ана махаббаты мен әке махаббатының тұлға үшін қажеттілігін ашып айттым.

**Батырханның мамасы:** баласына ешқашан ұрыспайтынын айтты. **Назгүлдің тәтесі:** оған қатал қарайтынын айтты. **Гүльназдың мамасы:** қызының ақылды екенін ешқашан ұрыспайтынын айтты.

**Аружанның мамасы:** қызының қамқоршы, көмекшісі екенін айтып, дауыс көтеруге ешқандай мін жоқ екенін айтты. **Айдананың мамасы:** ызының керемет қасиеттерін, бейнероликтен кейін байқағанын айтты.

**Әсеттің мамасы:** баласының тұйық мінезділігін, ешқашан ашылып, осылай сөйлегенін көрмегенін айтты

«**Менің балам қандай?»**» - деген ойларын өз сұрақтарына берген жауаптармен салыстырды.

«**Ата-анаға хат**» бейнеролигін көрген ата-аналардың жанарына жас толып, көңілдері босағанын байқадым. Өз пікірлерін жазу барысында, ата-аналардың толғаныста отырып, көздеріне жас алып кемсеңдеген дыбыстарын түсіріліп алынған бене көріністен байқауға болады.

**Жиналыстың қорытынды сәтінде:** Оқушылар ата-аналарға дайындаған **сылықтарын тарту етті**, барлық ата-ананың баласына деген сүйіспеншілігі шексіз болды, жанарына жас алып, мейірлене сүйіп құшақтады.

**Түйін:** Бүгінгі жиналыстан алған барлық жақсы қасиеттерді жүректерінеуды өтіндім. Өз баларына үлгі бола алатындай оңтайлы ата-ана болуларына тілек білдірдім. Жиналыс туралы өз пікірлерін, келесі жиналысқа ұсыныстарын тілек ағашына, стикерге жазып қалдыруларыңн өтіндім. Жиналысқа келгендеріне алғыс айтып, баяу ән әуенімен жиналысты аяқтадым.

# Ата-аналармен өткізген жиналыс



# Ата-аналардың өз пікірлерімен бөлісуі



# Ата-аналар жиналысың бейне көріністері



**Тақырып: «Қазақстандағы өскелең ұрпақты Отаншылдыққа тәрбиелеу»**

**Сабак мақсаты:** Қазақстан Республикасының жері мен суын шынайы сүйетін, қазақ халқы мен Қазақстанда тұратын барлық халықтардың мүддесі үшін бар күш-жігерін, қабілетін аямайтын, Отанын қорғауға әрдайым дайын болатын азаматтық белсенділігі жоғары – патриот тұлғаны қалыптастыру.

### **Міндеттері:**

– оқушыларға «Отан», «риясыз қызмет», «туған ел» «парыз» «патриотизм» ұғымдары туралы түсінік беру;

– Отан алдындағы парызын

- Патриоттық, жанашырлық, жауапкершілік, қамқорлық қасиеттеріне тәрбиелеу;

## **Сынып сағатының жоспары**

### **1. Ұйымдастыру кезеңі.**

**Ой толғау:** «Қазақстан – менің Отаным» бейне көрсетілім

### **2. Сынып сағатына берілген үй тапсырмасын тексеру.**

1. Қоғамға шынайы қызмет еткен бір кейіпкер туралы пікір.

#### **Сұрақтар:**

1. Адамның қоғамға қызмет етуі дегенді қалай түсінесіздер?
2. Адамға Отаны, туған жері неліктен ерекше әсер етеді?
3. Өз туған жеріңе деген сағынышыңды қалай білдірер едің?
4. Отанға өзің қосып жатқан үлесің бар ма? Мысал келтір.
5. Өз Отанының патриоты деп кімдерді айтуға болады?

### **3. Дәйексөз.**

*Ахмет Байтұрсынов*

**«Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек»**

### **4. Әңгімелеу. Бейне көрсетілім. «Қартқожа»**

### **5. Шығармашылық іс-әрекет, топпен жұмыс.**

- 1- топ. «Мейірімділік», Отанының патриот жастары қандай?
- 2- топ. «Қайырымдылық», Отан туралы мақал-мәтелдер жазу, мағынасын түсіндіру. Отан туралы өлең шығару.
- 3- топ: «Қамқорлық», Сүйіспеншілікке толы Қазақстан!

### **6. Топ жұмыстарын қорғау: смайликтермен бағалау.**

### **Топпен ән айту. «Көк тудың желбірегені»**

*Әні: Ермұрат Зейіпхан, Сөзі: Алмас Ахметбекұлы*

### **8. Сынып сағатының қорытынды сәті.**



**Оқушылардың патриоттық, Отаншылдық көзқарастағы өте маңызды жауаптары:**  
**Оқушылар сабақта берілген ақпараттарды өте жақсы қабылдады және тақырыптың өте қызықты екенін өз бойларында Отанға деген патриоттық сезімдерінің арта түскенін айтты.**

Сынып сағатына үйге берген *тапсырма бойынша* **Шохрухтың** Геннадий Головкинді өз елінің патриоты деп санауы; **Назгүлдің** Ұлы Абай ағамыз халыққа аянбай қызмет еткен дегені; **Медеттің** Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевты қоғамға шынайы қызмет етті, деген жауабы; **Гүлназдың** Бауыржан Момұшұлы туралы толық жазып келген жауабы керемет болды. **Аружанның** адамдардың қоғам үшін риясыз қызмет етуге дайын, Айдананың халыққа шынайы риясыз қызмет етмін, партиот ұстаз болғым келеді деген жауаптары керемет болды.

*2-ші сұраққа* **Айдананың** өйткені туған жерінде балалық шағың өтті;  
**Назгүлдің**, ол жер – кіндік қаның тамған жер, балалық шағың өткен жер сол үшін ерекше деген жауаптары өте орынды болды.

*3-ші сұраққа* **Шохрухтың** Өзбекстан Республикасынан келгенін, алыстағы ата, әжесіне, достарына естелік, сыйлық апарамын деген жауабы орынды болды. **Айдана** өз туған жеріме барып көршілерімді, достарымды құшақтап сағынышымды басар едім дегені әсерлі болды.

*4-ші сұрақ бойынша* **Медеттің:** Өз Отанымызға риясыз сүйіспеншілікпен қызмет етуіміз; ол өткен аптада әлеуметтік мұқтаж адамдардың отбасына барып көмек көрсеткеніміз, ол да өз үлесіміз, бұл да біздің патриоттық қасиетіміз. - деген жауабы болды.

**Аружан:** «Елін, Отанын сүйетін әр азамат өз үлесін қосуға тиісті», - дейді.

**Тамерлан:** «Ер азаматтар үшін әскери борышын атқару да өз үлесін қосу»-дегені.

**Оқушылардың рухани-адамгершілік көзқарастағы өте маңызды жауаптары: Оқушылар сабақта берілген ақпараттарды өте жақсы қабылдады және тақырыптың өте қызықты екенін өз бойларына бірнеше жақсы қасиеттерді алғанымен бөлісті.**

*Берілген тапсырмалар бойынша* Бауыржан Момышұлының, тағы басқа батырлардың іс-әрекеттерін өз еліне деген терең сүйіспеншіліктерін өлеңмен салыстырып отырып мәнін ашуы маңызды болды.

**Гүлназдың:** «Басқа халықтың тілін, салт-дәстүрін құрметтеу керек», «Өзі тіршілік етіп отырған ортаны түсініп, барлық қиыншылықтарды жеңе білетін, сабырлы адам - ол нағыз патриот адам» - деген жауаптары өзекті болды.

**Назгүлдің:** барлық халық ұлттары достық пен ынтымақтастықта болуы керек деген жауабы маңызды болды.

**Жас ұрпақтың патриоттық тәрбиесі болып табылатын міндеттерімен танысты:**

1. ҚР Конституциясын, мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге;
2. Қазақстандық патриотизм мен интернационализм рухын қалыптастыруға;
3. Туған жер, Отанға деген сүйіспеншілік пен халықтар достығын құрметтеуге;
4. Жалпы адамгершілік, имандылық, ізгілік құндылықтарын қалыптастыруға;
5. Мемлекетіміздің ұлттық тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін білу және құрметтеуге;
6. Туған өлкесінің тарихын, мәдени құндылықтарын және дамуын насихаттауға;
7. Оқушылар бойында бір-біріне, отбасына, басқа адамдарға, мемлекетке, Отанға деген қатынасын анықтайтын мінез нормалары мен ережелерін дарытуға;
8. Оқушылар арасында мемлекет пен заңдарға зор құрметпен қарау сезімдерін қалыптастыруға;
9. Оқушылардың мінез-құлықтары, жүріс-тұрыстарын заң талаптары мен адамгершілік әдет-ғұрып қағидаларына негіздеуге;
10. Оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуіне басшылық жасау дағдыларын қалыптастыруға

**Түйін:** Оқушылар берілген ақпараттардың түсінікті және қызықты болғанын атап өтті. Патриоттық борыштарын практика жүзінде қамқорлық, қайырымдылық іс-шарамен ұластыруды ұйғарды.

# Отаншылдыققа тәрбиелеу сынып сағатынан көрініс



# Оқушылардың жұмыстарын қорғауы, жауаптары



# Оқушылардың сабақтан алған әсері және пікірлері

